

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 1720 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.30 N 1720 Қаулысымен.

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңына сәйкес және ақпараттық қауіпсіздікті, қолданыстағы әрі жасалатын мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ресурстардың бірдейлендірілуін және үйлесімділігін (ұштасуын) қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамы ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор болып белгіленсін.
2. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторға мынадай өкілеттіктер берілсін:
 - 1) оларды әлемдік ақпарат жүйелері мен ақпарат ресурстарына кіріктіру мақсатында мемлекеттік ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау;
 - 2) бағдарламалық-ақпараттық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және Қазақстан Республикасының ұлттық инфрақұрылымына кіріктірілетін мемлекеттік ақпараттық жүйелерді сүйемелдеуді жүзеге асыру;
 - 3) мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қалыптастыру, дамыту және сүйемелдеуді ұйымдастыру-техникалық қолдауды жүзеге асыру;
 - 4) мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстардың бірыңғай коммуникациялық ортасын және өзара іс-қимыл жасау жүйесін құру әрі оны техникалық қолдау;
 - 5) ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізуді техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау;
 - 6) Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымына кіріктірілетін ақпараттық жобаларға техникалық талдау жүргізу;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттандыру

саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар жүргізу.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК